

Мен тандайтын мамандық

Өткізген: Мектеп психологы

Қамай.А.М

2023-2024 о.ж

Мен таңдаған мамандық

Кештің мақсаты: Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; жас мамандармен кездесу.

Атақты ғұлама Әл – Фарабидің сөзімен бастағым келіп отыр.
Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз

Мынау нарықтық қарым-қатынас жағдайында өмірге аттағалы отырған жастың көкейінде «кім болам?» деген сұрақ тұр. Алдымен мамандық, мамандық таңдау деген не екеніне қысқаша түсінік беріп өткенді жөн көріп отырмыз. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Адам өзінің болашақ кәсібіне әр түрлі жолдармен келеді екен. Біреулері үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, ал келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулер үшін – әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Тағдырынды өзгертетін таңдау жасау өте қиын. Әсіресе, мамандық таңдау мен жар таңдауда мүлт кетпеу керек. Біз бүгін осының біріншісі, яғни мамандық таңдау туралы сөз қозғайтын боламыз

Сұрақ – бізден, жауап – сізден.

1. Бүгінгі жастар тек қана бір жапырақ қағаз үшін, яғни диплом үшін кез-келген оқуды таңдай салады, арзанырақ болса болды немесе ата-анасының қанауы бойынша, тек қана диплом алып шықсам болды деп оқи салады. Осындай жастардың көбейіп кетуіне не себеп?
2. ЖОО-да таңдаған мамандығын бір-екі жыл оқып, артынша басқа мамандықтарға ауысып жатқандар көп пе?
3. Студенттерден сұрайықшы, мамандықтарға өкінетін, «Қап, осы мамандықты бекер таңдадым деген кездеріңіз болды ма?» Әлде өздеріңізге ұнайды ма?
4. Өз ісінің нағыз маманы атану көп адамға бұйыра бермейтін бақыт. Ол үшін өзіңнің мамандығыңа деген, жұмысыңызға деген махаббат болу керек. Бүгінде мамандықтарымен жұмыс істеп жатқан, өзінің мамандықтары туралы, жұмысы

туралы, ұнайтын, ұнамайтыны, қалай түскенін сұрап білу үшін қонақтарымыздан сұрасақ.

5. Бүгінгі таңда агенттер мен менджерлер саласы өте үлкен сұранысқа ие, туризм болсын, жарнама агенттігі болсын, оған түсіп жатқан студенттеріміз де көп. барамыз, заңгер боламыз, басқа жұмыстар таңдаймыз.

Әрбір мамандықты таңдау үшін, ең алдымен өзін және өз бейімділігін таныу қажет және өз-өзіне «Мен кімін?», «Болашақта қандай маман иесі боламын?», «Өмірдегі менің орным қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеу қажет деп ойлаймын. Э.Ф. Зеер айтқандай «Мамандықты дұрыс таңдау – ол өмір жолының сәттілігінің негізі» дегендей мамандықты дұрыс таңдай білу алдағы өміріңнің сәттілігі деп түсіну керексің.

Сондықтан да, оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін ішкіну үшін бүгінгі кешімізге осы мектебімізден түлеп ұшқан біздің оқушыларымыз, кәзіргі таңда жас маман иелерін, халыққа қалаулы өз ісінің мамандарын бүгінгі кешімізге шақырып отырмыз. Қонақтарымызбен ой бөлісіп, пікір алыспас бұрын, таныстырып өтсек.

«Менің таңбам»

(психологиялық тренинг)

Мен	жақсы	істей	аламын
Өзімді	жақсы	сезінетін	орта
Ең	үлкен		жетістігім
Мен	сенетін	үш	адам
Өзім туралы естігім келетін үш сөз – деген сөздер жазылған парақшалар қонақтарға таратылып, толтырып, талданады.			
Қазіргі заманғы жоғары білімі бар маманға қандай талаптар қойылады? Слайдпен көрсету.			
–	Компьютерді		білу;
– Бірнеше	тілді,	ағылшын	тілін білу.
– Адамдармен	қарым	– қатынас	жасай білу.
– Өз	тауарын,	қызметін	өткізе білу.
– Тез	шешім қабылдап,	бастамашылық	жасау.
– Үнемі білім алуға, қайта оқуға бейімділік.			

6.

«Жағдаяттық сұрақтар»

1. Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде не істер едің?
2. Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-ананың шешіміне қарсы боласың ба?
3. Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз, ойландыратын жағдай болды ма? Болса не істер едіңіз?

7. «Ең жақсы мамандық» ойыны. Қатысушыларға мынадай сұрақ берелі, Қатысушыларға келесі мамандық мінездемелері ұсынылады:

Ең	ақшасы	көп	мамандық
Ең		жасыл	мамандық
Ең		тәтті	мамандық
Ең		жауапты	мамандық
Ең		салмақты	мамандық

Ең қарым-қатынасы күшті мамандық

8. Жетістікке жетудің 7 қадамы

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты кезең. Талапкер үшін мамандық таңдаудың жеті басты қадамын ұсынуды жән көрдік.

Бірінші қадам:

Байыппен бағдарлай біліңіз

Жас адамның бір топтамға келуіне қиялдың да әсері бар. Біреуді кинодағыдай романтикалық мамандықтар қызықтыруы мүмкін. Біреулер туғаннан маңдайына жазылған ата-анасының жолын таңдайды. Біреулер ЖОО — ға жақын досына немесе құрбысына серік болып барады, ал енді біреулер үйіне жақын оқу орнына құжат тапсыруға асығады.

Мамандық таңдау адам тағдырында көп нәрсені шешетіндіктен, оған атүсті қарау – жеңіл ойлылықтың белгісі. Сондықтан, бұл мәселенің шешімін мүмкіндігінше аса мән беріп, байыппен қабылдаңыз.

Екінші қадам:

Дұрыс шешім өз қолыңызда

Ең бірінші бұл таңдауды өз бетіңізше жасау керектігін саналы түрде ұғыныңыз.

Ата-аналардың, достарыңыздың ықпалынан шыға алмай қалмаңыз. Олар не айтса да, бұл – сіздің тағдырыңыз.

Үшінші қадам:

Бейімділігіңізді ескеріңіз

Бастапқыда өз қызығушылығыңызға назар аударыңыз. Немен айналысқанды қалар едіңіз? Қандай пәндер ұнайды? Бос уақытыңызда немен айналысқанды жақсы көресіз? Адамдармен, әсіресе, бөгде кісілермен оңай тіл табыса аласыз ба?

Көп нәрсе сіздің бейімділігіңізге байланысты.

Төртінші қадам:

Өзіңізді сынақтан өткізіңіз

Бәрінен бұрын өзіңізді ой елегінен өткізіп көріңіз: өзімнен және өзімнің жұмысымнан нені қалаймын? Бес жылдан кейін өзімді қалай елестетемін? Барлық ақпараттарды пайдалана отырып, болашақ мамандығыңыз туралы көп мәлімет алуға тырысыңыз. Өзіңіз таңдаған мамандық иелерінің іс барысын көзіңізбен көру үшін сол кәсіпорын, мекемелермен табысуға пытыңыз. Программист болғыңыз келсе, компьютерлік ойындарды ғана тұтпай. Ең болмаса қарапайым бағдарлама жасап көріңіз. Дайындық курстарында жазылсаңыз, тіпті

жақсы. Ең дұрыс тәсіл – жазғы демалыс кезеңде өзіңізді қызықтыратын санының ең кіші қызметкері болып жұмысқа тұрсаңыз, таңдауыңыздың дұрыс бұрыстығына көзіңіз анық жетер еді.

Бесінші қадам:

Сұранысты да назар ұстаңыз. Болашақ мамандығыңызды еңбек нарығында қаншалықты бағаланатынын білу де пайдалы. Қарапайым жол: бос орындарға жарияланған байқауларда, интернеттің еңбекке орналастыру сайтында қандай мамандарға сұраныс бар екендігін қараңыз. Арнайы агенттіктер жүргізген болжамдардың да маңызы зор. Осы мәліметтерді е

Мамандық таңдау- адам өміріндегі аса жауапкершілікті қажет ететін кезең. Мектептің табалдырығын аттағандағы бүлдіршін 15-18 жас аралығында өмірлік жолын айқындауға тырысады. Өз өмірінде ойып орын алатын мамандық әлеміне сапар шегіп, қиялымен ақылына ерік бере отыра мамандық таңдайды. Кейде достарының таңдауына, кейбірі ата-ана ақылына сүйенеді. Тек ілуде бірі ғана жүрек үнін тыңдайды. Яғни мамандық таңдауда алдымен жүрекпен қалап, одан соң денсаулықпен қабілетіне, одан соң қоғамға тиімділігін де саралаған жөн. Өздеріңіз көріп отырғандай мамандық таңдау — тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түріп таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Олай болса көкейімізде жүрген маңызды сұрақтарымыздың жауабын арнайы келген қонақтарымыздан сұрап білейік.

Алдымен сіздерге мамандық аттары жазылған парақтар беріледі. Шенуің тапсаңыздар ортада шығып мимикамен көрсетіп, жасырылған мамандықтарды табу керек.

«Менің есімім». Бұл ойында оқушылар өз есімдерін атап, бас әріптерінен келетін мамандық аттарын атап, сол мамандықтың қасиеттерін айтып береді.

Ендігі кезекте оқушыларымыздың толғандырып, білгісі келіп жүрген сұрақтарына береміз.

1. Бұл мамандықты не үшін таңдадыңыз?
2. Жақсы маман болу үшін адам нені біліп, нені үйрену қажет деп ойлайсыз?
3. Елімізді өркендету үшін бүгінгі таңда қандай маман иелері керек деп ойлайсыздар?
4. Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыз?

5. Адамдар мамандық таңдағанда біреуге еліктеп таңдайды екен, сізше кімге еліктедіңіз?

6. Өздерің қай уақыттан бастап дайындалдыңдар?
7. Бүгінгі таңда қандай мамандықтар сұранысқа ие?

8. Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?

9. Жақсы маман болуы үшін адам нені біліп, нені үйренуі қажет?

10. Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

11. Осы мамандығыңызға жүрек қалауыңызбен бардыңыз ба?

12. Өттеген — ай, бекер таңдаптын деген шақтарыңыз болды ма?

Қорытынды.

Еңбек етсем, ертеңгі — бақытыма сенемін.

Мақсатыма жеткізер — уақытыма сенемін.

Достық іспен қасты да — жеңеріме сенемін,

Ақыл, сана білім мен — өнеріме сенемін.

Арым — таза, ақ көңіл — адалдыққа сенемін,

Абыройлы, ақ ниет — адамдыққа сенемін!- дегендей ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі боламын десеніздер бүгінгі кездесуде апайларымыз бен ағаларымыз айтқан ақыл кеңестерді жадыңызда ұстап ілім — білім алуға барлық күш жігерлеріңді жұмсап, егеменді еліміздің ертеңі — болашақ маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін. Олай болса «Мен таңдаған мамандық!» атты кездесу кешімізге келіп маңызды ой-пікірлеріңізбен бөліскен қонақтарымызға алғыс білдіреміз!.